

ЖАРКЕНТ



Айнасы

№11 (32), 15 маусым, дүйсенбі, 2020 жыл, jar-aina@mail.ru

АЛТЫН ОРДА КІМДІКІ?



ӨРЕЛІ БАСШЫ,
ШЕБЕР ДИПЛОМАТ

→ 2-бет



ҒҰМЫР – ДАСТАН

→ 3-бет



ЖАРКЕНТТЕГІ
«ЖАҰЫНҒЕРЛІК
ДАҢҚ МУЗЕЙІ» –
ЖӘДІГЕРЛЕР
ҚОЙМАСЫ

→ 6-7-бет

Бұрынғы Кеңес мемлекеті құрамында болған елдердің сол тұстағы мектеп есігін ашқан ұрпақтарын былай қойғанда, әлем халқының бүгінгі тандағы барша зиялылары арасында да Шыңғыс хан есімі мен «Алтын Орда» мемлекеті туралы азды-көпті мәлімет естімегені жоқ болса керек-ті. Әсіресе, соңғы екі мың жылдықтың ең ұлы адамы ретінде Шыңғыс хан есімі аталғаннан бертіңгі жерде естияр жұрт түгел елендегені анық. Әлемдік тарихта өшпес із қалдырған ұлы реформатор жаугершінің өмірі мен тегі жөніндегі әңгіме содан бері толастар емес. Әрине, одан қазақ зиялылары да тыс қалған жоқ. Өйткені қазақ халқының жеті жүз жылға жуық әлеуметтік тарихы мен мемлекеттілігін (шамамен 1206-1845 жж.) Шыңғыс хан мен оның ұрпағынсыз елестету мүмкін емес.

Көзі қарақты қазақ зиялылары байқап жүрген болар, соңғы кездері Ресей телеарналары мен интернет тораптары «Алтын орданың» 750 жылдығын кең көлемде атап өту жөніндегі шараларды бастап кетті. Біздің елде де осы оқиғаға міндетті түрде үн қосатынымыз түсінікті. Өйткені «Алтын орда» мемлекетінің шын мәніндегі мұрагері қазақ елі екені –

әлем мойындаған ақиқат. Оның бүгінгі моңғол аталатын халыққа еш қатысы жоқ деуге әбден болады. Неліктен дейсіз ғой. Оған қағаз бетіне түскен көне нақты деректермен жауап беріп көрейік.

Кеңестік дәуірдегі орыс ғалымдары қалыптастырған тарихи түсінік бойынша, Шыңғыс ханның атамекені Моңғол халық республикасы аумағы (МХР) деп есептеледі, бірақ ешқандай түпнұсқа тарихи құжатта мұндай дерек жоқ. Шыңғысхан әулетінің ең негізгі көне жылнамасы саналатын «Жәмиғ ат-тауарихта» олардың ата-бабалары Сайрам, Талас, Ұлытау, Борсық, Қарақұм (Арал теңізі маңы) өлкелерінде өмір сүргені анық көрсетілген («Жәмиғ ат-тауарих», 1-дәптер, 1-кітап, 1-тарау). Бұлардың барлығы қазіргі Қазақстан территориясындағы жерлер. Кейінгі дәуірде, Шыңғыс ханның алтыншы атасы Қайдау (Қайду) хан заманында, олар Моғолстан деген өлкеге қоныстанады. Ол Өнен (Өнән), Орған (Orgān) деген екі өңірге бөлінетін («Жәмиғ ат-тауарих», Плато Карпини). Ол Алағак (Алатау), Алақкөл (Алақөл), Көкшетеніз (Балқаш), Құлжа, Нарат, Шаты, Ілеті, Алмалық, Бұрқан (Бұрхан), Түрген, Жәркент, Текес (Текелік), Шарын (Чарғын),

Қарқара, Алматы (Алмалық), Қапшағай, Шілікті, Сөгеті, Кеген, Тарған, Көде арал (Арал төбе), Күйтін, Керулен (Кері өлен – яғни Кері өзен, қазір оны «Теріс аққан» дейді), т.б. жиырмадан астам жер-су аттары аталады («Тарих-и жаһангушай», «Жаңа Үйдің тарихы» («新元史»), «Жәмиғ ат-тауарих», «Құпия шежіре» («蒙古秘史»). Мұны басқа тарихи құжаттар да растайды: Моғолстанның аумағында Іле, Шу, Талас, Еміл, Нарын, Көкшетеніз (Балқаш), Отар қатарлы жерлер болған («Тарих-и рәшиди», Мұхаммет Хайдар Дулати, 2-кітап, 68-бет). Мұның бәрі түгелдей дерлік Жетісу өлкесіне тән топонимдер. М. Дулати Көкше теңізді, яғни Балқаш көлін, Моғолстан мен Өзбекияның шекарасы деп атап көрсетеді («Тарих-и рәшиди», 2-кітап, 68-тарау). Бұл деректі Қадырғали би Қосымұлы Жалайыри да растай түседі: ол үш сан Алаштың ағасы – жалайыр, территориясы – Өзбекия деп анық хаттаған («Жәмиғ ат-тауарих», Қ. Жалайыри, «Армысың, аз баба»).

(Жалғасы 4-5 бетте)

ҒҰМЫР – ДАСТАН

(толғау)



Алматы облысы, Панфилов ауданы «Октябрьдің 40 жылдығы» колхозында ширек ғасыр өнегелі еңбек еткен «Құрмет белгісі», «Октябрь революциясы ордендері мен медальдардың иегері, Панфилов ауданының Құрметті азаматы, еңбек ардагері, Тұрғанғазы Жапарқұлұлы ағамыздың атына Жаркент қаласынан көше беру қуанышына орай туған жыр-толғау!

Ел жақсысын жырлау парыз,
Ақын болып туғасын.
Қолға қалам-қағаз алдым,
Келші жырым-сырласым!
Тұрғанғазы ағам жәйлі,
сырымды жұрт тындасын!
Атамекен Шежірімнен,
бастайықшы жыр басын!
Топырағыңнан айналайын,
атамекен – ардағым!
Қарағайлы қалың орман,
аршалы бет жан-жағын.
Дүниеге келді осында,
талай дүлдүл саңлағым!
Баға жетпес сол үшін де,
қымбат жасыл жайлауым!
Бабалардың табанының,
топырағыңда ізі бар,
сырлары көп қызығар!
Айбынды Арқас Алатаудың,
шында қарлы мұзы бар,
шыңырауы, құзы бар!
Кие қонған тағдырына,
атақты ұл мен қызы бар!
Бағай батыр, Әбілхандар,
татқан дәмі-тұзы бар.
«Тон жағасыз, ел ағасыз
болмас» - деген бабамыз!
Соның бірі Жапарқұлов
Тұрғанғазы ағамыз!
Маңайынан шықпаушы едік,
есейгенде санамыз.
Ағамыздың аузыменен,
айтылған сын-бағамыз.
Қолымыз сәл қалт еткенде,
ағаны іздеп табамыз.
Әлдеқалай мақтап қойса,
жайлау еді жағамыз!
Қайран ғана асыл аға,
рухани ұстазым!
Бірге өтті жас кездегі,
қызық-думан, қыс-жазым!
Өнеге алдық өздеріңнен,
өмірі ізі өшпейтін.

Ата болды жас ұрпаққа,
саналы боп өс дейтін!
Тұрғанғазы асыл ағам,
ел ішінде төре еді!
Сая болды жүрегіне,
Жаркенттің тал-терегі.
Шыққан тегі, түп қазығы,
Ұлы Суан елі еді!
Елшібек Ер бабасының,
әруағына сиынып,
Сөлеп кетсе – өр еді!
Бабасындай ер еді!
Елге осындай азаматтар,
болды дәйім керегі.
Қонаев та қолын берген,
Жаркентке бір келгенде.
Риза боп, ағамыздың
іс пен сөзін көргенде
Дінмұхмед Ахметұлы,
қарап, көңіл бөлгенде.
«Қазақтағы Троцкий!»
депті колхоз бастығы,
Головацкий Николаймен,
бірге өткен жастығы.

Ел көсемі, деп жүретін,
қазағымды ел етем,
депті маңғаз жымыспен:
«Троцкий болса болар,
сөзі өткір ер екен!
Міне осындай жігіттермен,
кірер елім, берекең!»
Еңбегімен, сөздерімен,
құрметтеген ел іші,
Омырауында орден, медаль –
Еңбегінің жемісі!
Ақын еді,
ұлы еліне,
жакын еді жүрегі!
Жатса-тұрса, қазағының,
амандығын тіледі!
Ағамыздың ен бақытты,
күндерінің біреуі,
Тәуелсіздік алған сонау,
естен кетпес жыл еді!
Есімде әлі ол кісінің,
қуанғаны баладай!
Атқа қонған, зейнет жасқа,
шыққанына қарамай!
Сөз сөйледі жыын-топта,
жанарына жас толып.
Ата жұрттың шежіресін,
қолына алды бас болып.
Арғы-бергі жақсыларды,
санасына тоқыған,
«Халық университетінде»,

кілең үздік оқыған!
Көп тарихты тағылым ғып,
айтар еді ашылып.
Суан елі шежіресі,
кітап болды, басылып!..
Тұрғанғазы Жапарқұлов
десе бәрі таниды,
Шежірені жинап едік,
жіпке тізіп әр үйді..
Бағыс-Суан еліне де
барып сәлем бергенбіз.
Суан баба ескерткішін,
көзімізбен көргенбіз.

Жанында ылғый жүруші еді,
Жақсы-жайсаң жарасып.
Отыратын ақыл-оймен,
болашаққа «бал» ашып.
Ақын Токбай, ақын Қален,
Тумаевтар бар еді.
Шеттерінен көпті көрген,
көсемсөздің нары еді!
Мәлік аға Балғабаев,
Нүрәділ мен Роза,
(Осы жолдар авторы бар)
Біз де жүрдік жанында,
Жеті атадан үзілмеген,
тектілік бар қанында!
Киелі еді аға үшін,
елім деген әр есім!
Ауызынан тастамаушы ед,
Әбілхан мен Дәнешін!
Өнер десе, жанып түсер,
жаралғаннан сері еді!
«Әбілхан мен Дәнештей бол,
ей, жас ұрпақ!» - дер еді!
«Жырларым менің – сырларым» атты,
шыққанда жыр жинағы,
Жанарынан жалын шашып,
есімде әлі, тұрғаны!..
Жүруші еді, қайран ағам,
таңдандырып талайды.
Жатқа оқитын, жалт қаратып,
Ұлы һәкім Абайды!..
Ел жақсысын есіне ұстап,
елдің азаматтары,
Атқан кезі бүгін енді,
Жаркентімнің ақ таңы!
Ілінді әне көшелерге,
Батыр, билер аттары!
Тасқа ойып, тарихыма,
жазып кеткен хаты бар.
Жүрегіңде өшпес намыс оты бар,
сол қатарда
Тұрғанғазы ағаның да аты бар!
Көше берді ағамызға,
Құтты болсын, ағайын!
Мен де толқып, өзегіме,
өлең отын жағайын!
Құтты болсын айтып жатыр,
айтып жатыр, маңайым!
Өлең-жырмен қауым жұрттың,
жан қалауын табайын!
Ағамыздың өнегелі
ұрпағы бар, өрелі,
Ғұмыр-дастан – Ұлы мұхит,
ортасынан көрдің бе,
«Тұрғанғазы Жапарқұлұлы»
деген алып кемені!..
Өмір деген – мәңгілікке
шырқалатын арман-әң!
Арман-әнді ағамыз да,
ұрпағымен жалғаған!
Әділхан мен Тасқыны бар,
өмір күйін толғаған!
Бой тұрқы да, ой тұрқы да,
әкесінен аумаған,
Ірі-ірі істері бар,
Тасқынды елі қолдаған!..
Сұңғыла қарт көзін салып,
сонау заңғар ғарыштан,
Әруағы – Туған ел мен,
ұрпақтарын қорғаған!

10.06.2020 ж.

Ислам-Ғали ЖАРКЕНТИ,
ақын, Қазақстан Жазушылар
одағының және Журналистер
одағының мүшесі, Республикалық
«Жігер-83» жыр-фестивалінің лауреаты,
Панфилов ауданының Құрметті
азаматы.
Аудандық «Қазақ тілі» қоғамдық
бірлестігінің төрағасы.

БАБА РУХЫНА ТАҒЗЫМ

Құрметті, жерлестер! Жуырда ғана жаз дидарлы Жаркентіміздің «Жаңа құрылыс» (Новостройка) аумағындағы №16 көшеге – аты бүкіл Жетісу, қала берді Ташкент, Самарқан, Шығыс Түркістанға танымал болған Ілешұлы Салпық би бабамыздың есімі берілді.



Заманында ақындық толғаулары мен Найманның қызайы Шонжармен, Жалайырдың Әжібай болысын, Албанның Алжанынан тарайтын Қайранбай болыстарын тосылдырған саликалы да салмақты шешендік сөздері ауыздан – ауызға таралып, барлық Суанға «Би Салпық» аталған еді. Сонымен қатар, осы күнге дейін айтылып жүрген келешекке рухани азық болар тәрбиелік мағынасы терең қанатты, өсиет сөздері де әдемі өрнектей киюласып, таспадай өрілген.

Тегіне тартқан зеректігіне басып атакәсіп малшаруашылығына көмекші болсын деген ниетпен диқаншылыққа да бет бұрып, тоған қаздырып егін егумен айналысқан. Әлі күнге дейін ел аузында сақталған «Салпық өстен», «Салпық тоған», «Салпық арық» атты жер атаулары сол қаракеттерінің өшпес белгісі болып қалды.

Сондай-ақ, шаруаның ыңғайына қарай сауданы да дөңгелетіп – үлкен, кіші Түркістанның атақты бай саудагерлерімен араласып тайтұяқ, қойтұяқ алтын, күмістермен сауда жүргізуі, Тәшкен, Самарқанға баратын керуендерді басқаруы атамызды тағы бір қырынан әйгілеп, «Сауда Салпық» атандырған. Ары-бергі өткен керуен тауарлары айналымын рәсімдейтін, қатынас қағаздарына басатын бірі алтыннан (1853 ж) Қытайдың Күре қаласында, екіншісі гаухартастан орысша жазуы бар біздің Лепсіде жасалған екі мөрі болғандығы – ол кісінің сауда саласындағы өзіндік орнын айшықтап тұр.

Бұлардың бәрін ой елегінен өткізсеңіз Салпық Ілешұлының бар ғұмырындағы осынау қам-қаркетінің бәрі де қазақы таным – түйсіктен тамыр тартқандығымен бірге, ішкі рух пен парасат пайымының да әлеуеті жоғары екендігінің айқын дәлелі. Және де ұрпағына ұран болған Туматай батырдың шөбересі Салпық биді мұқым Бәйтүгей - Тоғарыстан мен Албан, Найман, Жалайырдың Апахан (Апахан) атауы да тегін емес-ау...

Замана қатпарында шаң басқан туған жер шежіресінің тағы бір парағы айқара ашылып, тың деректермен қоса елім, жерім деп халқына қалтқысыз қызмет еткен парасатты тұлға Салпық бидің де тарихтағы орны айқындалып ұрпақ алдындағы өз бағасын алды.

Сөз соңын, «Салпық би» көшесінің тұрғындарына зор денсаулық пен береке, бірлік тілей отырып, бай да бақуатты ғұмыр кешсін деген ақжарма тілегіммен аяқтаймын.

**Қали
ИБРАЙЫМЖАНОВ**

(Басы 1-бетте)



АЛТЫН ОРДА КІМДІКІ?

Соған орай жоғарыдағы тізімді ары жалғастырсақ: Сыр, Әму (Өксүс), Мауранахр, Еділ (Етіл), Жайық (Йайық), Каспий (Әбескүн), Қаракұм, Құмания, Моғолстан (Жетісу), Сарай, Сарайшық, Йәнкент, Бұхара, Самарқанд, Бестам, Балық, Үргеніш, Баршынкент (Барчынкент), т.т. осылай ұласа береді. Демек, барша мұсылман тарихшылары да, батыстық және қазақ тарихшылары да Шыңғыс ханның атамекені Орта Азия, Қазақстан территориясы екенін нақтылап, сенімді түрде көрсеткен. Ешқайсысы қазіргі МХР немесе Солтүстік Шығыс Азия жері туралы сөз қозғамаған. Аталмыш жер-су аттары Шыңғыс ханның туып өскен өлкесіндегі, оның бозбала шағында басынан өткерген қиыншылықтарына куә болған өңірдің, алғашқы жортуылдары өткен өлкенің топонимдері. Бір қызығы, олар әлі күнге солай аталады. Демек, бұл өңірде қазір де Шыңғыс хан заманында жайлаған халықтың ұрпағы өмір сүріп жатыр деген сөз. **Бұны бір деп қойыңыз.**

Олай болса, бұл өңірде қазір өмір сүріп жатқан халықтың ол ата-бабалары кімдер екен?

Осы заманғы тарихшылар Шыңғысхан құрған ұлы мемлекеттің аты туралы да бірауызды пікірде емес, керісінше, мүлде тарихи құжаттық негізі жоқ, жалған көзқарастар айтылуда. Біреулер осы заманғы моңғол (монгол) ұлтына апарып телиді, алайда түпнұсқа құжаттардың ешқайсысында ондай этноним жоқ. Қайта моғол (мұғұл) деген этноним бар әрі олардың мекені Моғолстан, яғни Жетісу өлкесі деп көрсетілген. Сонымен қатар ол моғолдардың тайпалық құрамы да нақты аталады: жалайыр, қоңырат, дулат, керей, найман, уақ (оңғыт), арғын, қаңлы, алшын (алчын), дөйт (әлім), таз, тана қатарлы түрік ру-арыстары. **Бұны екі деп қойыңыз.**

Ол ғана емес, әлгі моғолдар – татар, керей, алшындар... – бәрі бір тілде сөйлейтіні дәйекті түрде айтылады («*Жәмиғ ат-тауарих*», *1-дәптер*, *1-кітап*). Мұны батыстық авторлар да растайды, мәселен, Марко Поло өз естелігінде: олар – «он» (on), «жүз» (guz), «мын» (ming), «түмен» (toman) деп санайтынын нақты жазып қалдырған (*М. Поло естелігі, татарлар туралы баян, 69-тарау*). Басқа тарихи құжаттарда да Шыңғыс хан ордасы «бір», «ікі», «үч»... «он», «йигірма»... «йүз», т.б. деп санайтыны туралы деректер қалдырған. Ал қазіргі моңғол халқы бұл сандарды «нэг» (бір), «хоёр» (екі), «гурав» (үш),... «арав» (он), «хорь» (жиырма), «зуу» (жүз), т.б. деп, мүлде басқаша атайды («*Қазақша-моңғолия сөздігі*», авт., *Б. Базылхан, МХР, Ұланбатыр: «Ғылым академиясының тіл мен әдебиет институты», 1977 ж.*). Түпнұсқалық тарихи құжаттарда жазылып қалған, моңғолдар тіліндегі өзге де бірер қарапайым сөздерді келтіре кетелік: қымыз, гурт (құрт), ут (от), уруг (ұрық), таңсық, мандай, кежіге, сак барак (иттің аты), құла жебелек (сәйгүліктің аты) т.т. Сондай-ақ, Шыңғысхан әулетіндегілер «үлкен үй», «қара шаңырақ» дегенді «ұлық еп» деп атаған. Мұндағы «ұлық» үлкен деген мағына берсе, «еп» (еб) ежелгі тілімізде баспана, үй, шаңырақ деген сөз. Егер орда моңғол тілді болса, аса зор этнографиялық мәні бар бұл атау «их гэр» деп аталар еді. Бұл ғана емес, Шыңғыс хан ордасы қолданған және біздің



заманымызға жеткен лауазым, шен-атақ, туыстық атаулардың бәрі де түрікше, тіпті таза қазақша дерлік. Оған мысал: қаған, хан, ел-хан, бек, би, бітікші (бітікші), атабек, кешіктен, есіктен, қоршы (қорчы), ақтасы, басқақ, жасақ, кептеуіл, тұрғақ, қатұн, бике, ата, аға (ақа), іні (аға уә іні); сөздердің ендігі бір парасы: жосық (йосұқ), бұйрық, жарғы (иарғы), жарғышы (иарғычү), билік (билик), шерби (черби), түмен (түмөн), кежіге, мандай т.б. болып кете береді. Бұл сөздер ордада әскери, саяси термин есебінде де, күнделікті қарапайым лексикон есебінде де кең қолданыста болған (*Р. Ад-дин мен А.Жүвейни еңбектері бойынша*). Тіпті бұның бәрін былай қойғанда, Шыңғыс ханның мөріндегі жазудың өзі түрікше екені әлемге мәлім емес пе?! **Бұны үш деп қойыңыз.**

Жоғарыда атап өткеніміздей, Шыңғыс хан тарихына қатысты жер-су аттарының көбісі түрікше болғанына орай, ол атыраптардағы рулар да түгелдей дерлік түріктер. Бұл сөзімізге көп киналмай-ақ қыруар дөйек келтіруге болады. Нақтылай айтсақ, олар: керей (керейт), найман, жалайыр, дулат (дұғлат), қоңырат (қоңғырат), қыпшақ, қаңлы, тана, таз, дөйт (дөйтгүт), алшын, байұлы (байоқу, байұрқы, баяут), адай (дай), тама, кете, бес шекті (бес ермен), сіргелі (сіргеті), шанышқылы (чанчығұт), қылыш (қылыч, қалач), салжұқ (селжүк), құман, башқұрт (башқырт), түркімен, бұлғар, ұйғыр, қырғыз, т.б. болып жалғасады. Мұндай ірі арыстарды былай қойғанда, жаныс, таракты, акқойлы, карақойлы, орақты (орақчыл), андас (анда), торы (торук), маңғытай (маңғыт), қият, төре, карақас, қоралас, құлшығаш


(құлшынты), күрлеуіт (қыпшақтың кіші руы), тағы сол сияқты ру-тайпалар. Осынау рулардың аты ғана түрікше емес, заты да таза түрік. Олар түрік халықтарының арасында, әсіресе қазақ ұлтының ішінде бүгінге дейін бәз-баяғысындай сақталған. Ал моңғол тайпаларынан тек ойрат қана аталады. **Бұны төрт деп қойыңыз.**

Осынау түпнұсқалық деректер Шыңғыс ханды жарық дүниеге әкелген халық көне түріктердің тікелей жалғасы және бүгінгі түріктердің, әсіресе қазақтардың биологиялық ата-бабасы екенін нақты дәлелдеп береді. Оның күмәнсіз тағы бір дәлелі ретінде Шыңғысханның айналасындағы замандастарының, қолбасы батырларының, мемлекеттік қайраткерлерінің тегі де анық жазылған: Таян, Құлшұқ, Бұйрұқ – найман хандары, Ақшырын – татар ханы, Елшітей, Тұғырул – керей хандары, Токтабек – меркіт ханы; батырлары Саба, Мұқалы, Жебе, Жамуқа, Сүбітей, Желме, Бала – жалайырлар; Тататұңға, Кетбұқа – найман; Чынхай (Шыңғай), Бұлғай, Күйтемір – керей; Найаға – сіргелі, Сызған Құтка – татар, Борашы – арғын, Бөріқұл – үйсін, Шормқан – тама; Көргүз (Көргіз) – ұйғыр, т.т. Бұл нені көрсетеді? Шыңғыс хан әулеті де, олар құрған мемлекет те моңғол халқымен және олардың территориясымен ешқандай қатыссыз болғанын көрсетсе керек! **Бұны бес деп қойыңыз.**

Тағы да тарихи құжаттарға жүгінілсек: Қ.Жалайыри Шыңғыс хан құрған 95 мыңдықты «Алаш мыңы» деп атайды («*Жәмиғ ат-тауарих*», *Қ. Жалайыри, «Армысың, әз баба», 129-бет*). Бұл түпнұсқалық тарихи дерек Шыңғыс хан құрған ұлы империяның аты «Алаш» болғанын, сондықтан оның армиясы «Алаш мыңы» деп аталғанын дәлелдейді.

Ал қазақ халқы «алаш» деп аталатыны, қазақ хандары Шыңғыс ханның тікелей ұрпағы, тақ мұрагерлері екені – көпке аян тарихи шындық. Керісінше, моңғол халқының ешбір әміршісі Шыңғыс хан нәсілінен емес. Тарихи құжаттарда: «Шыңғыс ханның тегі, түбі – түрік» деп, сондай-ақ «халқалар, моңғолдар» Шыңғыс хан шыққан халықтан емес, олар – басқа, қараша қауымнан деп нақты жазылған («*Жаңа Үйдің (Юань) тарихы*» («*新元史*»), «*Өмірбаяны*» («*本紀*») бөлімі, *1-орамға* (卷一) *және 3-орамға* (卷三) *қараңыз*). Ал Шыңғыс ханның Алаш ханы (Алаша хан), Жошының Алаш іде, яғни Алаштың иесі деп аталғаны тарихи құжаттардан жақсы мәлім («*ҚСЭ*», *4-том*, «*Жошы хан күмбезі*», *481-бет*. / «*Тарих-и Жахангушай*» (1260 жж. жазылған), *Атамәлік Жобеней (Шыңғысхан әулетінің тарихшысы, орда ұлығы), 1-кітап, Жошы хан туралы тарау*). Демек түпнұсқа тарихи құжаттар әкелі-балалы екеуін де алаштың – қазақтың ханы, иесі деп көрсеткен. Екінші сөзбен айтқанда, Шыңғыс хан да, оның баласы Жошы хан да алаштың, қазақ халқының төл перзенттері болатын. **Бұны алты деп.**

Кейбіреулер ертеде «қазақ» деген ел болмаған деп қарайды, алайда тарихи құжаттарға жүгінсек, сонау XII ғ-да. «қазақ терген» деген сәулетті арба, Қазақты (Қазақтү) деп аталатын тарихи территория болған («*Құпия шежіре*») («*蒙古秘史*») / «*Моңғолдың ұлттық тарихы*» («*蒙古族通史*»), *ҚХР, Бейжің: «民族出版社», 2000 ж., 1-кітап / 上卷*). Егер «қазақ» деген этноним болмаса, оған байланысты туынды сөз және сөз тіркестері – жоғарыдағы атаулар қайдан келіп шыққан? Ертедегі мұсылман тарихшылары IX ғ-да тіпті жыл санауымыздан мындаған жылдар бұрын «Қазақия» деген территория және антропоним болғанын ап-анық хатқа түсірген. Олардан өзге «Қазақ тауы» деген жер, «Шымкент» деген қала қатар аталады («*黄金草原*») («*Алтын дала*») *947 жж. жазылған, авт., әл-Мәсуди, ҚХР, 西宁: «青海人民出版社», 1998 ж. / «Хүдүд әл-әлем» (IX ғ. жазылған), авт., белгісіз, ұйғыршаға аударған, Абләт Нүрдүн Құрығар, ҚХР,*



ЖӘДІГЕРЛЕР ҚОЙМАСЫ

6. XIX ғасырға тиесілі ыдыс – аяқтар.
7. Тас құралдар.
8. Келі – келсап
9. Мыс тегеш, шәугім
10. Қыш құмыралар (Үйсін дәуірі)
11. Ағаш төсек
12. Жұқаяқ
13. Кимешек
14. Үтік
15. Төсек жапқыш (шілтермен тоқылған)
16. Насыбай үгітетін ағаш ыдыс
17. Металл ерітетін шойын ыдыс
18. Үзеңгілер (үш түрлі)
19. Темір тістеуік
20. Қыш кесе (Үйсін дәуірі) тағы басқалар

Желтоқсан құрбаны Ербол Сыпатаевтың жеке заттары:

1. Суреттері
2. БАК өнімдері
3. Дипломаты
4. Жеке құжаттары

Желтоқсан құрбаны Ләззат Асанованың жеке заттары:

1. Домбыра үйірмесіне қатыскандағы суретінің көшірмесі.
2. Жедел хат.
3. Ұлттық киімі.
4. Домбырасы.
5. Қобызы.
6. Достарының сыйға берген сувенирі.
7. Нота дәптерлері.

Жалпы, «Мәңгілік ел» патриоттық жобасы аясындағы Қазақстан Республикасының мәдени саясатының тұжырымдамасын іске асыруға арналған жылдық іс – шаралар жоспары жыл сайын жасалады. «Мәңгілік Ел» құндылықтарын енгізу мен насихаттау үшін ұлтымыздың тарихы мен ұлт жанашырлары туралы экспозиция залдарына тақырыптық экскурсиялар жүргізіліп үнемі жаңартылып насихатталып тұрады.

Экспозиция залдары келушілерге қойнауы құнды жұмбаққа толы өлкеміздің тарихына терең бойлап, әр кезеңінде де «Елім, жерім» деп аянбай күрескен жауынгер бабаларымыздың ерен ерлігі мен тағлымды өмірлерін келешек ұрпаққа ғибрат-өнеге ету. Қай шайқастарда болмасын халық бірлігі, тұтастығы және еліне деген шексіз сүйіспеншілік Ұлы жеңістерге қол жеткізетіндігін алға тарта отырып, жастардың өз Отанына деген құрметін арттыру – мұражайдың басты айқын мақсаты болып табылады.

Қорыта айтқанда шылған күннен бергі жылдар ішінде тарихи жәдігерлерді тамашалап келушілер саны артып, музей жұмысы ілгері басып жандануда.

Бұл қасиетті өлкенің біздер әлі көп біле бермейтін қыры мен сыры ашылмаған ежелгі тарихтан ақпарат беретін тарихи артефактар мен шешуі табылмаған жұмбақтары толып жатыр. Мәселен, Жаркент өңірінің ежелгі қалалары – **Жаркент, Акент, Ілебалық, Дөңгене, Тышқан** тағы басқа бізге беймәлім елді мекендер мен ерте орта ғасырлық қала, кенттердің қирандылары көптеп саналады. Ол жерлерге археологиялық қазбалар жүргізілсе ел мен жердің тарихы әлі де мыңдаған жәдігерлермен толығын, ата – бабаларымыздың әлемдік өркениетке қосқан үлестері айқындалып, мемлекеттілігіміздің Мәңгілік болуы мен жас ұрпақ тәрбиесінде де өлшеусіз қызмет атқарары сөзсіз. Сол үшін де бар күш – жігерлері мен білім, біліктерін аямай еңбек жасап жатқан «Жауынгерлік Даңқ музейінің» қызметкерлері: Жұлдыз Асқарбекқызы, Жадыра Чанбаева, Гүлнұр Онғарбекқызы, Қасенова Ақбөпе, Алипова Төленті, Утепов Патық, Сұлтанов Шалқар сынды әріптестеріме шексіз алғыс білдіре отырып, жанұяларына бақыт, еңбектеріне мол табыс тілеймін!

Мекеме туралы жалпы мәлімет:

- Мұражайдың жалпы көлемі - 291,7 шаршы метр
- Соның ішінде экспозиция көлемі - 184,33 шаршы метр
- 1 – Экспозициялық зал - 31,03 шаршы метр
- 2 – Экспозициялық зал - 50,02 шаршы метр
- 3 - Экспозициялық зал - 50,04 шаршы метр
- 4 – Экспозициялық зал - 50,06 шаршы метр

Фойе: - 35,01 шаршы метр

- Қор сақтау бөлмдерінің көлемі - 11,03 шаршы метр
- Қабылдау бөлмесі - 16,04 шаршы метр
- Шығармашылық бөлме - 16,01 шаршы метр
- Гардероб бөлмесі - 7,07 шаршы метр
- Тамбур - 9,06 шаршы метр
- Сан.үзел - 4,60 шаршы метр
- Кіші дәліз - 8,04 шаршы метр

Негізгі қордағы музейлік мәні бар материалдардың жалпы саны: - 396 (364+32)

Мұражай қызметкерлері туралы мәлімет:

Қызметкерлердің жалпы саны – 8

Олардың:

- Жоғары білімді – 3
- Орта кәсіптік – 2
- Орта білімді – 3

Ғылыми қызметкерлердің жалпы санынан музей жұмысы бойынша еңбек өтілі барлар:

- 2 жылдан жоғары – 4
- 1 жылға дейін – 4
- Штат бірлігі: - 8**
- Менгеруші – 1 (ставка)
- Қор сақтаушы – 1
- Ғылыми қызметкер – 0,5
- Экскурсия жүргізуші – 1
- Зал караушы – 1
- Еден жуушы – 1
- Аула сыпырушы – 0,5
- Күзетші – 1

Республика: Қазақстан

Облыс: Алматы

Аудан: Панфилов

Қала: Жаркент

Көше: Ә.Қастеев көшесі № 12

Телефон: +7 72831/ 58231

Бағыты: «Жауынгерлік Даңқ»

Басқару орны: «Алматы облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы» ММ «М. Тынышпаев атындағы Алматы облыстық тарихи – өлкетану музейінің» МКҚК-нің филиалы.

P.S. Жуырда елімізге белгілі ақын, ағарту саланың үздігі, өлкетанушы, тарихшы Молот Мұсаұлы Солтанаев ағамыз өзінің жеке қорынан ежелгі кезең мен үйсін дәуіріне жататын түрлі тас құралдар мен көптеген құнды көне жәдігерлерді «Жауынгерлік

Даңқ музейіне» арнайы тапсырды. Музей басшылығы аталған мұраларды құжатты түрде тіркеп, ғимарат ішінен арнайы орын бөліп, көрнекі жерге орналастырды. Енді музей қонақтары бұл жәдігерлерді де тамашалай алады.

Құрметті жерлестер, егер де сіздің де үйіңізде көненің көзі саналған жәдігерлер болса біздің музейге тапсырыңыз. Бабалар мұрасы саналатын құнды дүниелерді бүлдірмей, жоғалтпай сақтау – музей қызметкерлерінің борышы.

Қазақ хандығының құрылуы» бөлімінде



Ауған соғысы ардагері Шыңғыс Сатқалиевтің жеке заттары



Жетісу жерінде Кеңес үкіметінің орнауы



Ұлы Отан соғысы ардагері Жакып Дадаұлының жеке заттары




Жетісуда Кеңес үкіметін орнатуға ат салысқан Ыдырыс Қошкинның жеке заттары



Желтоқсан құрбаны Ләззат Асанованың жеке заттары



1. Құдайберді руынан шыққан Наймантай батырдың шоқпары, күміс белдігі.
2. Қабанбай батырдың жиені Тілеке батырдың кісесі.



Музей менгерушісі:
Ибрайымжанов Қали
Тұрдығазыұлы
Гуманитарлық ғылымдар
магистрі,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі.
Жаркент қаласы.



